

Көшелерді қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Асубұлақ кенті әкімінің 2021 жылғы 29 наурыздағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 12 сәуірде № 8584 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы қорытындысы негізінде және Асубұлақ кенті тұрғындарының пікірін ескере отырып, Асубұлақ кентінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Асубұлақ кентіндегі келесі көшелер қайта аталсын:

- "Ленин" көшесі "Абай" көшесіне,
- "Октябрьская" көшесі "Тәуелсіздік" көшесіне,
- "Ушанов" көшесі "Болашақ" көшесіне,
- "Киров" көшесі "Ардагер" көшесіне,
- "Мира" көшесі "Бейбітшілік" көшесіне,
- "Автобазовская" көшесі "Жүргізушілер" көшесіне.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Асубұлақ кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келесіні қамтамасыз етсін:

- 1) осы шешімінің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Ұлан ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолдануын;
- 3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Ұлан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК